

«ШҚ Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы» КММ

Ақпараттық-библиографиялық
орталық



**«Абайдай артына сөз
қалдырған»**

(Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдығына орай)
(Жасөспірімдерге арналған
әдебиеттердің мазмұндалған ұсыныс тізімі)

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ, 2016 ЖЫЛ



Қайым Мұхамедханұлы
(1916-2004)

*Қазақтың көрнекті ғалымы, абайтанушы,
жазушы, драматург, ақын, аудармашы.
Семей, Аягөз қалаларының, Абай,
Жаңасемей аудандарының құрметті
азаматы.*



**МҰХАМЕДХАНОВ ҚАЙЫМ –
«ӨЗІ МУЗЕЙ, ӨЗІ АРХИВ, ӨЗІ МЕКТЕП»**

Несіпбек АЙТОВ

КІРІСПЕ

Құрметті пайдаланушылар!

Қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы», тума талант иесі **Қайым Мұхамедхановқа** арналған **«Абайдай артына сөз қалдырған»** атты әдебиеттердің мазмұндалған ұсыныс тізімін назарларыңызға ұсынып отырмыз! Ұсыныс тізімнің мақсаты Қайым Мұхамедхановтың қазақ әдебиетіндегі алатын орны, шығармаларының маңыздылығын насихаттау болып табылады. Қазақ халқының ғылымы мен өнерінің дамуына үлес қосқан қазақтың біртуар азаматтарының бірі Қайым Мұхамедхановтың өмір жолын, еңбек жұмыстарын, ең бастысы өнер мен ғылымға жанашыр тұлға екендігін кейінгі ұрпаққа, жас буын өкілдеріне таныту.

Тізім мынандай бөлімдерден тұрады :

- Қайым Мұхамедхановтың өмір өткелдері
- Жан–жақты талант иесі
- Абайтанудың абызы
- Қайым Мұхамедханов туралы айшықты ойлар
- Қорытындылау.

Әр бөлім соңында әліпбидік тәртіппен орналасқан мазмұндалған әдебиеттер тізімі берілген.

Көрнекті ғалым Қайым Мұхамедханұлы – алаш арыстарының соңғы тұяғы, білімдарлығымен ғұламалыққа жеткен жан. Тірісінде Мұхтардай ұлы ұстазының өсиетін өмірінің өзегіне айналдырып, Абай шығармашылығын зерттеуге бүкіл ғұмырын арнаған, сол үшін 25 жылға сотталса да түрме қабырғасы жігерін мұқалта алмаған Қайым туралы сөз ешқашан таусылмақ емес. Кемел ойлы

кемеңгер ғалымның соңына қалдырған ұшан теңіз еңбектері бұл күнде қазақ әдебиетінің сарқылмас қазынасына айналды. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, қоғамдық ой-сана, пікір-тұжырымдардың биіктей өркендеуіне ерекше ықпал етті. Ғалым, абайтанушы, жазушы, зерттеуші, аудармашы, драматург Қайым Мұхамедхановтың өмірі шындық пен әділдік үшін күреске толы, өнегелі өмір жолы болды.

Қайым Мұхамедханов туралы тереңірек білгілеріңіз келсе, ұсыныс көрсеткіште берілген әдебиеттердегі материалдарды алып пайдалануларңызға болады.

Мекен-жайымыз:

Өскемен қаласы,

Космическая көшесі, 6/2

***«Шығыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық орталық.***

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ӨМІР
ӨТКЕЛДЕРІ



Қайым Мұхамедханов – қазақ әдебиетінің абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шәкәрімтанушы және Шәкәрім шығармаларын алғашқы насихаттаушылардың бірі, әрі жарыққа шығарушы, мұхтартанушы ғалым. Сондай-ақ, Қ. Мұхамедхановтың әдебиеттану саласындағы көптеген мақалалары қазақ әдебиетіндегі жана белесті айқындап, қазақ әдебиеті даму бағыттарын белгіледі. Ғалымның ғылыми еңбектерімен қатар ақындық, жазушы-драматургтық, аудармашылық таланты да ерекше көзге түседі. Сонымен, ақын, аудармашы, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясын терең білетін ғалым, Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармашылықтарының білгір маманы, бір сөзбен айтсақ, нағыз энциклопедист Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық белестері туралы не білеміз? Ол үшін ең алдымен, ғалымның туып-өскен, білім мен білік жинаған, үлгі-өнеге алған ортасы туралы айта кеткен жөн болар.

Қайым Мұхамедханов 1916 жылы 5 қаңтарда қазіргі Жаңасемейде, бұрынғы «Заречная слободка» деп аталған жерде дүниеге келді. Кейін Жаңасемейдің бұл бөлігі Алаш қаласы аталғаны белгілі. Қайым Мұхамедханов бала кезінен қазақтың біртуар азаматтарының тәрбиесін көріп өсті. Оған себепкер болған ғалымның әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлы болатын. Мұхамедхан Сейітқұлұлы өз шаңырағына Алаш

көсемдерінің басын жиі қосып, олардың ат басын тірейтін үлкен үйлері ретінде, кеңес құратын ордалары ретінде белгілі болған. Осындай үлкен бас қосулар танымал ақындар мен әншілердің де өз өнерлерін сынайтын, танылатын жері болған. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің мол мұралары күні-түні жырланып, әні шырқалып жатқан қасиетті ортадан жас Қайымның алар тәлім-тәрбиесі де мол болды. Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағында Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов жиі келіп, отырыстың мәнділігін арттыратын. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолындағы ұлтжандылық, нағыз ұлтшылдық бағыттың қалыптасуына осындай мағыналы басқосулардың да себебі болғандығын ғалым естеліктерінен білеміз.



Қайым Мұхамедханов 1924-1928 жылдары Жаңасемей қаласындағы бастауыш қазақ мектебінде оқиды. 1929-1932 жылдарда Семей қаласы колхоз жастары мектебінде білімін жалғастырады. 1936-1937

жылдары мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. Ал 1938-1941 жылдары Семей педагогикалық институтында оқиды. Ғалымның еңбек жолы да педагогикалық оқу орнымен тығыз байланыста дамыды. Ұзақ жылдар (50 жылдан астам уақыт) болашақ әдебиетші мамандарды дайындауға талмай еңбек сіңірген ғалымның аға шәкірттерінің өздері де бүгін үлкен ғалымдар мен ұстаздар қатарында. Қ. Мұхамедхановтан білім алған шәкірттерінің кез келгені ғалым ағаның адамгершілікке толы ақ жүрегінің лүпілін қазірге дейін сезінеді десек, артық айтқандық болмас. Себебі, Семей өңірінде әдеби өлкетану мәселесіне, оның ішінде

Абайдың ақындық мектебіне байланысты ғылыми-зерттеумен айналысып жүрген кейінгі буын ғалымдардың түгеліне дерлік Қайым Мұхамедханов салған жолмен жүруді дәстүрге айналдырған. Бұл ғалымдардың өз ғылыми тұжырымдарының жоқтығынан емес, қайта аға ұрпақ ретінде Қайым ағаның М. Әуезов үлгісімен салған ғылыми концепциясының дұрыстығында демекпіз. Осы орайда ғалымның қазақ әдебиеттану ғылымындағы іргелі мектеп болып саналатын Абайдың ақындық айналасына арналған «Абай айналасындағы ақындар» (1950ж.) атты монографиясы, «Абайдың ақын шәкірттері» (1993-1997) деген ғылыми-зерттеулері әдебиет тарихы ғылымының жаңа бір беттері болып ашылды. Абай мектебінің талантты өкілдері Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, Уәйс, Әріп, Әсет және тағы басқа қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларының жиналып, баспаға дайындалуына және іргелі ғылыми-зерттеулердің нысанына айналуына Қайым Мұхамедхановтың тікелей ықпал еткені рас.

Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында атқарылған ірі-ірі ғылыми-зерттеулер мен абайтану саласындағы тың жаңалықтар да Қайым Мұхамедханов есімімен байланысты. 1995 жылы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағы текстологиялық жағынан дұрысталған нұсқасымен шығуына да ғалым аға өз үлесін қосты. Осы жылы жарыққа шыққан «Абай» энциклопедиясының редакциялық алқасын басқарған Қайым Мұхамедханов бұл басылымның да мағыналы, мәнді болуы үшін көп тер төкті. Өмірінің соңына дейін Абай мектебі мен абайтану мәселесіне байланысты талмай еңбектенген ғалым үшін энциклопедияның әр мақаласы маңызды болды. Мақалалардағы мәселелердің тарихилығы мен нақтылығы, Абайдың ақындық мектебінен тәжірибе

алған әр ақын мен жеке тұлғалардың шығармашылық өмір жолы туралы тың деректердің сарапталып, баспаға түсуіне аса мән берген ғалым еңбегі нақтылы бағасын алды.

Абайдың мерейтойы кезінде ғалымның ұзақ жылғы еңбегі бағаланып 1996 жылы Халықаралық Абай академиясының «Алтын медалы», Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы беріліп, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды Қайым Мұхамедхановтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің көбі әдеби өлкетану бағытында болды. 2006 жылы АҚШ-тың Калифорния штатында ғалымның 90 жылдық құрметіне орай арнайы пошта маркасы шығарылыпты. Және «Махат» студиясынан «Алаш – Қайым Мұхамедханов» фильмі де жарық көріп, көрермендердің ерекше ықыласына ие болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Ақтанова, А. «Тұлға. Қазақтың қайтпас қайсар Қайымы»[Мәтін] / А. Ақтанова // Қазақ әдебиеті. – 2011. - 29 маусым (№ 30). - Б. 8.

Аннотация: Қайым Мұхамедханов жайлы өмірбаяндық дерек берілген.

Ердембеков Б. Қайым Мұхамедханұлы және Абайдың ақындық мектебі [Мәтін] / Ж. Әбубәкір // Қазақстан мектебі. - 2006. - №7-8. – Б.3-4; №9. – Б.73-76.

Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың Абайтану ғылымына қосқан сүбелі үлесі жайлы мақала.

Жұртбай, Тұрсын. Қайым - қиямет[Мәтін] / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. - 2016. - 7 қаңтар (№3). - Б. 10.

Аннотация: Аты әдебиеттің ғана емес, тәуелсіздігіміздің тарихында белгілі болған қайсар ғалым - Қайым Мұхамедханов туралы.

Қабышұлы, Ғаббас. Сегіз қырлы жан еді...[Мәтін] / Ғ. Қабышұлы // Үш қоңыр. - 2016. - 8 қаңтар (№1). - Б. 3.

Аннотация: Журналшы, әдебиетші, прозашы, ақын, сыншы, аудармашы, драматург, тарихшы ғалым Қ. Мұхамедхановтың туғанына 100 жыл толуына байланысты.

Мұхамедханов Ғабдулқайым // Советтік Қазақстан жазушылары.- Алматы, 1987.- Б. 423.

Аннотация: Жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедхановтың қысқаша өмірбаяны берілген.

Мұхамедханов Қайым [Мәтін]: өмірбаяны // Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдәулет, ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. – Б.119-120.

Аннотация: "Шығыс жұлдыздары" деп аталатын бұл томда Қайым Мұхамедханов жайлы қысқаша өмірбаяндық дерек берілген.

ЖАН-ЖАКТЫ ТАЛАНТ НЕСІ



«Өткен күнді еске алып, ескермесек, бүгінгі өміріңнің қадір-қасиетін терең түсіне алмайсың,- деп Қайым Мұхамедханов» айтып кеткендей, тағдырдың тар өткелдерінен талай рет сүрінбей өткен, әрбір әңгімесі бір-бір тарих, бар ғұмырын ғылымға арнаған, белгілі абайтанушы, көрнекті ғалым, ұстаз Қайым Мұхамедхановтың артына қалдырған мол мұрасы рухани қазынаға айналары ақиқат.

Қазақ әдебиетінде өлкелік әдебиет тарихының қолға алынып, зерттеле бастауына М. Әуезов ұйытқы болса, Қайым Мұхамедханов өзінің ғылыми шығармашылық жолында үнемі осы бағытты назарда ұстаған ғалым. Оның тарихи шындықты бұрмаламай, деректерді нақтылы дәлелдермен берген мақалалары 400-ден астам. (Ал, жалпы ғылыми еңбектерін есептесек 500-ден асады екен). Мысалы, «Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов шығармашылығы жайында», «Мақы Шыңғысұлы Уәлиханов – алғашқы кәсіби қазақ суретшісі», «Қ. Еркебаев және С. Әлімбетов поэмаларындағы азамат соғысының батыр әйелдері Айқыз және Білісай бейнелері», «Тағы да Айқыз туралы», «I. Бораганский», «Қаракерей Қабанбай», «Бұқар жырау», «Шешен Сабыржан», «Сабыржан Ғаббасов» және тағы басқа мақалаларындағы тарихи тұлғалар ғалымның көркем шығармаларынан өз орнын алып жатты. Ал, «Абайдың бұрын жарияланбаған өлеңдері», «Түзелгені қайсы? Түсініктері қайсы?», «Қазақ әдебиетінің адал досы», «Саади Ширази», «Құдай деген

сөзден құдай сақтасын» және т.б. мақалаларындағы әдеби-танымдық, тарихи ой-түйіндер көптеген ғалымдардың болашақ зерттеулерінің ғылыми дінгегіне айналды. Қазақ әдебиеттану ғылымы, абайтану, өлкелік әдебиеттану, қазақ әдебиетіндегі текстология мәселелерін Қ. Мұхамедханов еңбектерінсіз елестету мүмкін емес. Бұл туралы белгілі әуезовтанушы ғалым Т. Жұртбай өзінің «Қайсар ғалым» («Жұлдыз», 1989, деген мақаласында: «Қайым Мұхамедханов – Абай өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылу, басылу тарихын зерттеген историограф, үш-төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақында монографиялық еңбек жазған теоретик, сол замандағы қоғамдық қарым-қатынастарды зерттеген тарихшы, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы өлең-жырды, әңгіме-аңызды қағазға түсірген фольклорист», – деп бағалайды. Ғалым ағаға берілген бұл бағадан шығармашылық еңбектерінің сан тарау, сан салалы екенін байқауға болады. Әсіресе, Абай шығармаларының тарихы мен текстологиясы туралы сөз еткенде, Қайым Мұхамедханов еңбектерін назарда ұстамау мүмкін емес. Мәселен, Абайдың үш поэмасының бірі «Әзім әңгімесі» туралы Қайым Мұхамедханов өз ойын білдіреді. Ол шығарманың Абай қаламынан шықпағаны туралы айтады. Және оған бірнеше дәлелді пікірлер келтіреді де поэма Ырсайдың Ысқағы деген Абай айналасындағы ақындікі дейді. Бірақ, әлі күнге дейін бұл мәселеге үніле назар аударып, зерттеген ғалымдар жоқ. Мұның өзі абайтануда алынбай жатқан белестердің мол екені мен Қайым Мұхамедхановтың ғылыми ой-тұжырымдарының терең де мағыналығын білдіреді. Бұл бір мысал ғана («Абай шығармаларының текстологиясы». 1959ж., 77-бетте). Абай

өлеңдерінің текстологиялық зерттеулерінде де Қайым Мұхамедханов өзінің телегей білімі мен ғалымдық парасатын танытты. Ғалым Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сегіз аяқ», «Қансонарда», «Сап-сап көңілім», т. б. көптеген өлеңдерінің текстологиясымен қатар кімге арналғаны, қайда шыққанының тарихын да нақтылы, тың тұжырымдар арқылы дәлелдейді. Абай өлеңдер жинағының академиялық басылымдарындағы Қ.Мұхамедханов дайындаған түсініктемелерде де нақтылық пен ғылыми талдаудың жаңа қағидаларын көреміз. Бұл зерттеулер болашақ әдебиет теориясы мен әдебиет тарихын зерттеушілерге дайын зерттеу нысандары деуге болады. Сондай-ақ, ғалым Шәкәрім Құдайбердіұлының да шығармаларының текстологиялық жағынан дұрыс басылуына, өлеңдерінің хронологиялық дұрыс орналасуына арнап бірнеше мақала жазды. Сол мақалаларының өзі бүгінгі шәкәрімтану ғылымының жаңа белесінің тың парақтары болып ашылды.

Қайым Мұхамедханов 2004 жылы қайтыс болды. Өмірден қайтқанға дейін қала орталығындағы шағын бөлмелі үйде тұрып келді. Бұл үйде қайраткер-ғалым 1994-2004 жылы өмір сүргенін ескерген Семей мемлекеттік педагогикалық институты ескерткіш болсын деп үй қабырғасына мемориал тақта орнатты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Жұртбай, Тұрсын. Қайым – қиямет [Мәтін] / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. - 2016. - 7 қаңтар (№3). - Б. 10.

Аннотация: Аты әдебиеттің ғана емес, тәуелсіздігіміздің тарихында қалған қайсар ғалым - Қайым Мұхамедханов туралы.

Жұртбаев, Тұрсын. Қайымның қағидалары [Мәтін] / Т. Жұртбаев // Қазақ әдебиеті. - 2006.- 16 қаңтар (№3). – Б.8.

Аннотация: Қайсар ғалым Қайым Мұхамедхановтың туралы.

Меңдеке, Әмірхан. Әдебиетті қорлауға болмайды [Мәтін] / Ә. Меңдеке // Жас Алаш. - 2016. - 12 қаңтар (№2). - Б. 1-5.

Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың 1980-90 жылдардағы М. Әуезов туралы берген сұхбаты.

Мұхамедхан, Д. Әке жолы [Мәтін] / Д. Мұхамедхан // Қазақ әдебиеті. - 2014.- 27 маусым (№26). – Б.11.

Аннотация: *Қайым Мұхамедханов туралы.*

Нұғманбекова, Р. Ұлттық рухтың қазынасы еді [Мәтін] / Р. Нұғманбекова // Дидар. - 2011. – 5 шілде (№76). – Б.5.- (Тұлға).

Аннотация: *Ғалым Қайым Мұхамедханов туралы.*

Смағұлова, А. Қайым Мұхамедханов поэмаларының ерекшеліктері

[Мәтін] / А. Смағұлова // Ақиқат. - 2005. - №11. – Б.71-74.

АБАЙТАНУДЫҢ АБЫЗЫ



Әркімнің
пешенесіне жазылған
мөлшерлі ғұмыры бар.
Пенделік пайымдау
бойынша бұл —
әліптік ақиқат. Осы
негізден шығарсақ,
Қайым
Мұхаметханұлының
ғұмыры сексен сегіз

жылды қамтыды.

Осы орайда Абай сөзіне ден қойсақ:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі,

Мені мен менікінің мағынасы екі.

"Мен" өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

"Менікі" өлсе өлсін, оған бекі, – дейді ақын.

Осы санаттағы ажалсыз «Меннің» иесі ең алдымен Абай атамыздың өзі десек, ақын жолымен жүрген ізбасарлары мен рухани мұрагерлері де уақыт пен кеңістікте әлдебір межемен шектелмей, өмірлерін жалғастыра бермек. Сондай бірегейлердің бірі – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қайым Мұхаметханұлы.

Қалың жұртшылық бұл кісіні көбінесе кеңестік Қазақ республикасының мемлекеттік әнұранына мәтін жазған ақын ретінде біледі десек, екі тармақ өлең туындыгерді шынайы абырой шыңына шығарған. Қазақ жанының ұлы қасиетін жанартау жалынындай лапылдатып, асқақтата танытқан:

Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған,

Бостандық өмір мен ар үшін қизған жан.

Ары мен азаттығының жолында қазақтың бары мен жаны құрбан екендігін кеңестік билікке (Ұлы Отан соғысы аяқталғанға дейінгі он сегіз жылда Кеңес одағының әнұраны жоқ еді) алдын-ала ескерткен деп ұғынуға лайықты осы сөздердің ақиқатына 1986 жылғы желтоқсанда бүкіл адамзат көз жеткізді. Намысына тиген, еркіндігін құрсаулаған империяның оспадар өктемдігіне бостандықсүйгіш қазақтың ұлдары мен қыздары бұратаналар ішінде қаһармандықпен бірінші болып қарсы шығып тәуелсіздікке жол ашты. Биыл сол Тәуелсіздігіміздіңде 25 жылдығы аталып өтілмек.

Ақын Қайым желтоқсан қасіреті мен күдіретіне арнаған ғибратты тұжырымын сол кезде жырға айналдырып айтудан тайсалмаған болатын:

*Қызыл қыршын қазақтың ұл-қыздарын,
Адал жүрек, ар-намыстың құлдарын,
Мәңгі бақи ел есінен кетер ме
Соғып, соғып, қанын төгіп қырғаның!*

Ақын сөзінің азаматтық арқауы босаңсыған сәті жоқ. Елдік, адамшылық мұраттарды қозғайтын жайлардың баршасына қолма-қол үн қатудан айнымағандығын желтоқсаншыларға бағыштаған дұға-батасы, жендеттерге лағнет-қарғысы дерлік жоғарыда келтірілген үзінді дәлелдеп тұр емес пе?! Әрдайым ізгілікті көксеген жүрегінен бұрқ етіп атылған жыр шумақтары аз емес.

Ақындық дарыны мен шеберлігін Қайым Мұхаметханұлы Карамзиннің «Сормандай Лиза» хикаясын өлеңмен казакшаға аударуында таң қаларлықтай етіп көрсетті. Лермонтовтың «Вадим» хикаясын өлеңмен аударған Абай үлгісін, Пушкиннің «Дубровский» хикаясы мен «Боран» әңгімесін өлеңмен аударған Шәкәрім үлгісін жаңғыртты.

Акын Қайым дүние азабынан ширыққан, түңіле дал болған, қайсарлана жігерленген көңіл әуенін де жеріне жеткізе жырлай алған. Мысалы:

*Жай жүрсем, табалады "ұтылды" деп,
Қатты жүрсем, күндеді "құтырды" деп,
Орта жүрсем, онда да көре алмады,
"Бұл өзі ақылды адам сықылды" деп.*

Мұхаметханұлының көркем шығармашылық талантының бір қыры драматургия саласында ашылған. Оның «Майданнан майданға», «Перне», «Комиссар Ғаббасов», «Ер Білісай» драмалары бойынша спектакльдер әлденеше маусым бойы театр сахналарынан түспей қойылып, көрермендер ықыласына бөленген. Бұлармен қатар татардың классик драматургы Шәріп Камалдың «Қажы әпенді үйленеді», әзірбайжанның атақты қаламгері Үзейір Ғажыбековтың «Аршын мал алан» комедияларын қазақшаға аударып, талай жыл бойында тұрақты репертуарлық қорға енгізді.

Алайда, тағдыр билігі солай шығар, акын және драматург ретінде Қайым Мұхаметханұлының ықтимал әлеуеті барынша жарқырап, толық жүзеге асты десек, шындыққа обал болар еді. Мұның есесіне жазмыш Қайымға тауқыметі де мол, бақыт-зейнеті де қайырлы ғалымдықты сыбағалады. Бұл кісінің есімі мен ісінің жасампаздық, өміршендік кепілі – абайтанушылық, мұхартанушылық, шәкәрімтанушылық ілімдері, барлығын жинақтағанда, алаштанушылық тарихы.

Ұлт рухының өзегін құрайтын осы аталған әдеби-мәдени-саяси құбылыстар Қайымды жарық дүниеге келген сәттен-ақ жөргектеген. Әкесі Мұхаметхан кезінде ілгерішіл көзқарасы мен әрекеті сайма-сай абзал азамат бейнесінде жұртқа кең танылған. Абай мұрасын қастерлеген. «Айқап», «Абай», «Қазақ», «Шолпан», «Сана», «Сарыарқа», «Таң»

сияқты басылымдарды үй кітапханасына алғызып, жан азығы еткен. Оның шаңырағындағы меймандос көңіл құрметін Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Көкбай Жанатайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Аймауытов, Қажымұқан Мұңайтпасов, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезов сан мәрте көрген. Сондай ахуалда өскен зерек, зейінді бала Қайымның ойы мен сезімі елшіл, отаншыл, қазақшыл болып, табиғи үрдісте қалыптасқан.

Әуезовті тұңғыш рет көргенде Қайым жеті жастағы бала екен. Бұл – 1923 жыл. Келесі жылы Әуезовті сегіз жастағы Қайым екінші рет көреді. Мұханның бастамасы және ұйытқылығы арқылы Семейде Абайды еске түсіру кеші өткізіледі. (Қайтыс болуының жиырма жылдығына орай). Бұл оқиғаның мәнін Мұхаметханұлының өз сөзімен білдіру жөн шығар: «Осы кешке үлкендермен бірге барып, Мұхтар Әуезовтің баяндамасын тыңдап, Көкбай ақынның Абай туралы естелік әңгімесін естіп, ұлы ақын жайында ең алғаш мағлұмат алғаным сол жолы еді». Үшінші көруі – 1925 жылы: Әуезовтің сахналық бір шығармасын «Ес аймақ» труппасы қоюға дайындап, Мұхаметхан ақсақалдың үйінде репетиция жасаған. Семейтаумен жалғасатын Көкен тауына 1926 жылы Мұхан демалысқа келгенде он жастағы Қайым оны төртінші рет көрген. Тоғыз жылдан соң, яғни 1935 жылы, Мұхтар Әуезов өзінің болашақ роман-эпопеясын жазуға материал жинау мақсатымен Семейге келгенде, он тоғыз жастағы балғын жігіт Қайым даңқты жазушыны бесінші рет көреді, біршама еркін әңгімелесуіне мүмкіндік туады. Бұл кезде Қайымның әкесі таптық жау ретінде қудаланып, қамауға алынып, атылып кеткен. Бай баласы Қайым қауіп-қатерден әупірімдеп өтіп, мұғалімдік курсты аяқтап, институтқа

түсуді ойластырып жүрген. Абай шығармаларына біржола ден қойып, Ыдырыс Мұстамбаевтың нағыз тарихилық маңыздағы мақалаларымен ынтыға танысуда еді. 1939 жылы мұғалімдік институтты аяқтаған тұста Қазақстан Жазушыларының екінші съезіне қатысу үшін Алматыға барады. Міне, осы алтыншы кездесуден кейін жиырма төрт жасында Қайым Мұхаметханұлы кеменгер Әуезов үшін сенімді шәкірт-әріптеске, сүйікті ініге айналды. Мұханның ақыл-кеңесімен ғылыми ізденіс жолына түседі. Зерттеулерінің басты нысаны етіп Абай шығармашылығын алады. Семейдегі пединститутта оқытушылық қызметке кірісіп, Әуезовтің бағдарлы пікірлерінің қанаттандыруы арқасында 1940 жылы «Абайдың әдеби мектебі» айдарымен Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы, Әубәкір Ақылбайұлы, Әріп Тәңірбергенов шығармашылығы туралы ғылыми мақалалар топтамасын жариялайды. Содан бастап соңғы демі таусылғанша абайтану мәселелерінің жүйесінен қаламы босаған емес.

Абайды тану үстіне таныған сайын қазақты танудың саналуан проблемаларына да тереңдей түсті. Қаракерей Қабанбай мен Қанжығалы Бөгенбай батырлар туралы халықтық поэмаларға тарихи-ғылыми, әдеби-ғылыми талдау жүргізген еңбегін «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томына енгізіп, 1943 жылы әзірлеп береді.

Қайым

Мұхаметханұлының ғалымдық тұлғасында орта ғасырлардағы



оқымыстыларға тән әмбебаптық көріністері мол еді. Сондай кең қарымдылығына өз еңбектерінің ғана шеңберінде назар салайық. Өзекті желісі мен үзілмес тіні абайтану екені белгілі. Мұнда іргелі және қолданбалы сипаттарды тоғыстырушылық жөнімен, талдаулардың түбегейлі орнықтылығы жөнімен, жаңа бағытқа қарышты қадам жасағандығы жөнімен «Абай заманының ақындары» («Абай айналасының ақындары»), «Абайдың ақындық мектебі», «Абай шығармаларының текстологиясы» сияқты монографиялары мен мұндалап көзге бірден түседі. Әдебиет тарихына Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы, Әубәкір Ақылбайұлы, Мұқа Әділханұлы, Әсет Найманбайұлы, Әріп Тәңірберген, Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, Уәйіс Шондыбаев, Кәкітай Ысқақов, Тайыр Жомартбаев, Иманбазар Қазанғапұлы, Баймағамбет Айтқожаұлы сияқты дарындардың мұраларын тікелей жалғыз өзі әкеп қосты. Абайдың оншақты өлеңі Қайым Мұхаметханұлының жинап тапсыруымен академиялық басылымда жарық көрді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Мерзімді басылымдардан:

Ердембеков Б. Қайым Мұхамедханұлы және Абайдың ақындық мектебі [Мәтін] / Ж. Әубәкір // Қазақстан мектебі. - 2006. - №7-8. – Б.3-4; №9. – Б.73-76.

Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың Абайтану ғылымына қосқан сүбелі үлесі жайлы мақала.

Маханбетова, Мейрамгүл. Абайдай артына сөз қалдырған [Мәтін] / М. Маханбетова // Мәдениет жаршысы = Вестник культуры. - 2011. - № 7. - Б. 9: портр.

Аннотация: Қайым Мұхамедханов жайлы дерек берілген.

Мұхамедхан, Д. Әке жолы[Мәтін] / Д. Мұхамедхан // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 27 маусым (№26). – Б.11.

Аннотация: Абай жолымен жүрген ізбасары, рухани мұрагері Қайым Мұхамедханов жайлы ұлының жазған мақаласы.

Нұғманбекова, Р. Ұлттық рухтың қазынасы еді[Мәтін] / Р. Нұғманбекова // Дидар. - 2011. – 5 шілде (№76). – Б.5. - (Тұлға).

Аннотация: Әдебиетші-ғалым Қайым Мұхамедханов жайлы.

Сейсенұлы, Д. Абайдың аманатын ақтадық па?[Мәтін] / Д. Сейсенұлы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 6 қаңтар. – Б.3.

Аннотация: Абайдың жолымен жүрген ізбасары, рухани мұрагері Қайым Мұхамедханов жайлы.

Тұрсынбайұлы, Б. Абай сөзінің сәулесі қонған[Мәтін] / Б. Тұрсынбайұлы // Қазақ әдебиеті. - 2016. – 22 қаңтар(№3). - Б.1,5: портр.

Аннотация: Қайым Мұхамедханов жайлы дерек берілген.

Кітаптардан:

Абай текстологиясы: Қайым Мұхамедханұлы[Мәтін]: зерттеу // Ісімақова, Айгүл. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы [Мәтін]: зерттеулер, мақалалар / А. Ісімақова. - Алматы, 2015. – Б. 247-285.

Аннотация: Бұл кітапта Алаш ғалымдары А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Ж. Досмұхамедұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. О. Әуезов және тағы басқалармен қатар Қайым Мұхамедхановтың әдебиеттанулық зерттеу еңбектері ХХІ ғасырдағы әлемдік әдебиеттану контексінде жаңаша қарастырылған.

Қайым Мұхамедханұлы және Абайтану мәселелері[Мәтін]: зерттеулер // Еспенбетов, Арап Сләмұлы. Шығармалары [Мәтін]. 2-т. Зерттеулер, мақалалар / А. С. Еспенбетов. - Астана, 2014. – Б.26-34. - (Алтай-Ертіс кітапханасы).

Аннотация: Автордың екінші томына абайтану, алаш кезеңі әдебиетіне қатысты зерттеу еңбектері, ел мен жер тағдырына, қайраткерлер өміріне арналған мақалалары еніп отыр.

КІТАПТАРЫ:

Мұхамедханов, Қайым. Абай мұрагерлері [Мәтін] : жинақ / Қ. Мұхамедханов ; ред. Ә. Пірманов. - Алматы: Атамұра, 1995. - 208 б.: суретті.

Аннотация: Бұл жинаққа белгілі әдебиетші, абайтанушы ғалымның архивтерден, көне басылымдар мен баспасөздерден және Абайдың көзі тірі ұрпақтарынан ұзақ жыл бойы тірнектеп жиған дерек-дәйектерін негіз еткен бірнеше зерттеу еңбегі еніп отыр. Ерекше ескертетін жағдай: бұларда әртүрлі себептермен көптеген жылы жабулы жатқан, жарияланбай келген өте қызықты да құнды мәлімет-мәселелер баршылық. Бұны, әсіресе, Шәкәрім, Кәкітай, Әлихан жөніндегі мақалалардан кезіктіреміз. Жинақтың тілі таза, діні сүйекті, оқиға, ой-тұжырымдары салмақты.

Мұхамедханов, Қайым. Көптомдық таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 3-т. Абайдың ақын шәкірттері / Қ. Мұхамедханов ; ШҚО мәдениет басқармасы, Шығыс Қазақстан облысының әкімі. - Алматы : Алаш, 2005. - 328 б.


Аннотация: Белгілі әдебиетші ғалым Қайым Мұхамедхановтың (1916-2004) көптомдық шығармалар жинағының бұл үшінші томына ақын Құнанбай немерелері, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл Абайұлдары,

Кәкітай Ысқақұлы, Әрхан Кәкітайұлы және Әубәкір Ақылбайұлы туралы жазылған зерттеу мақалалары және осы аталған ақындардың архивтерден ғалымның өзі тапқан төл шығармалары топтастырылып отыр.

Мұхамедханов, Қайым. Шығармалары [Мәтін]. 1-т. Абай шығармаларының текстологиясы жайында / Қ. Мұхамедханов. - Астана : Фолиант, 2014. - 344 б. - (Алтай-Ертіс кітапханасы).

Аннотация: Кітапқа Қ. Мұхамедхановтың 1940-90 жылдар кезеңіндегі Абай шығармашылығына, өлеңдері мен поэмаларына ғылыми түсінік, зерттеулері енген.

Бұл әдебиеттер ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының қорында сақтаулы.



ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қайым Мұқамедханұлының әдеби мұралары жинақталып, бас-аяғы бүтінделіп, бір арнаға түсірілген жоқ. Баспасөз беттерінде жарық көрген, жанұялық қорында сақталған шығармаларын топтап айналымға енгізу – әдебиеттану ғылымындағы кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Қазірде Қайым Мұқамедханұлының кең көлемді екі шығармасы белгілі: Бірі – «Жамбыл» атты толғауы, екіншісі – «Орындалған өсиет» атты поэмасы. «Жамбыл» атты толғауы 1938 жылы жарық көрді. Абайға арналған «Орындалған өсиет» атты поэмасы баспа жүзінде жарық көрмеген, Абайдың республикалық мәдени-тарихи, әдеби-мемориалды қорық мұражайының қорында сақтаулы.

«Жамбыл» атты толғаудың басты кейіпкері қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаев. Туынды тақырыптың мазмұны жағынан, негізгі идеясы, көркемдік мақсаты жағынан өнер адамын ашып көрсету, оған деген халық құрметін паш ету.

Абайға арналған «Орындалған өсиет поэмасы 1940 жылы жазылған, тақырыптық мазмұны жағынан, негізгі идеясы, көркемдік ерекшелігі жағынан өнер адамын дәріптеу, халқының ақынға деген құрмет мейірін жеткізу. Қ. Мұқамедхановты ақын ретінде арнайы зерттеуіміздің де себебі осында.

Жалпы Қ. Мұқамедхановтың өлеңдеріндегі ерекшелік, нені жырласа да қарапайым сөздермен өз ойын бейнелі, әсерлі, мәнерлі жеткізуінде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Әбубәкір Ж. Қайым Мұхамедханұлы және Көкбай Жанатайұлы [Мәтін] / Ж. Әбубәкір // Қазақстан мектебі. - 2006. - №9. – Б. 70-73.

Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың 90 жылдығына орай берілген мақала.

Жұртбаев Т. Қайымның қағидалары [Мәтін] / Т. Жұртбаев // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 16 қаңтар (№3). – Б. 8.

Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың қағидалары берілген.

Смағұлова А. Қайым Мұхамедханов поэмаларының ерекшеліктері [Мәтін] / А. Смағұлова // Ақиқат. - 2005 . - №11. – Б. 71-74.

Аннотация: Жалпы, Қайым Мұхамедхановтың өлеңдеріндегі ерекшелігі туралы.

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ҚҰРМЕТІНЕ АШЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ



2010 жылы қазан айының 6 жұлдызында Ел аузында атын Семейдің ұлы үштігі - Шәкәрім, Абай, Мұхтардан кейін атауға лайық деп табылатын белгілі ғалым, абайтанушы, жазушы, педагог, драматург, аудармашы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Семей қаласының құрметті азаматы болған Қайым Мұхамедхановтың құрметіне арналған ескерткіш қаламыздың қақ ортасында, туған жері Семей шаһарындағы Абай атындағы орталық әмбебап

кітапханасы жанында ашылды. Ашылу салтанатына еліміздің көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиев бастаған бір топ белгілі ақын-жазушылар, ғалымдар жиналды. Келген көрермен қауым Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен шығармашылығы жайлы театрландырылған қойылымдарды, ғалымдардың естеліктері мен концертін тамашалап, ыстық ықыластарын білдіріп жатты.

Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығындағы Қайым Мұхамедхановтың жеке текті қоры жаңа құжаттармен толықты. Аталмыш құжаттарды ғалымның балалары Дина мен Дигдар Мұхамедхан тапсырды. Құжаттар Қайым Мұхамедхановтың шығармашылық қызметін бейнелейді. Олар; 5,6,7 және 8 томнан тұратын «Қайым Мұхамедханов» деп аталатын шығармалар жинағы, «Судьба и Карлаг», «Научные комментарии к произведениям Абая», «Ильяс Богаранский – первый издатель книг Абая» атты еңбектері. Бұл кітаптар «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қорында шығарылған.

2009 жылы Қ. Мұхамедхановтың балалары шығарған «Шакарим и Каюм. Сплетение судеб» деп аталатын кітаптары сақталып отыр. Сонымен қатар «Алаш – Қайым Мұхамедханов» деп аталатын кино. «Ілік септігі», «Тау тұлға» деп аталатын «Қазақстан» телеарнасы түсірген деректі бейнеролик, Қайым Мұхамедханов туралы «Хабар» телеарнасы түсірген деректі фильмдері бар.

Қазір нар тұлға Қайым Мұхамедханов арамызда жоқ, дегенмен оның Қанағат, Дина, Дигдар атты балалары әке жолын қуып, әкесінің қалдырып кеткен бай мұрасын сақтап, насихаттап келе жатқан жандар. Осы балаларының арқасында біздің мұрағатымызда сақталған Қайым ағамыздың қоры құжаттарға әлі де болса толықтырылады деген сенімдеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Мұхамедханов Ғабдулқайым // Советтік Қазақстан жазушылары.- Алматы, 1987.- Б. 423.

Аннотация: Жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедхановтың қысқаша өмірбаяны берілген.

IV бөлім

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ ТУРАЛЫ АЙШЫҚТЫ ОЙЛАР

*..... Кәкең Абайтану ғылымының ең білгірі болды.
Бүкіл ғұмырын абайтану ғылымын өркендетуге жұмсады.
Абай шығармаларының текстологиясы туралы тамаша
зерттеу еңбегін жазды. Одан басқа артына «Абайдың
ақын шәкірттері» деген төрт томдық қымбат қазына
қалдырды. «Абай» энциклопедиясын шығаруға аямай
атсалысты.*

*Кәкең ұлы Мұхтар Әуезовтің ең жақын досы
болды. «Абай жолы» эпопеясына байланысты көп деректі
Мұхаң Кәкеңнен – Қайым Мұхамедханұлынан алды.
Былтыр Семейге барғанымда сүйікті ұстазымның
үйіне кіріп, сәлем берген едім. Ұстазымның жүзін көріп,
қолын ұстап, құшақтасып, қуанып қайтқан едім.*

**Әзілхан Нұршайықов,
(Қазақстанның Халық жазушысы)**

*Осынау керемет, кемел адамды жақын
танып-білу, онымен араласу бақыты маған да
бұйырған еді. Қайым Мұхамедхановтың жарқын
бейнесін өзімнің «Неизвестные страницы жизни
избранного», «Мен Абайды әке деймін» деген*

фильмдерімде сомдағаным – шығармашылық еңбегімнің ең шоқтықты белесі, мен үшін мақтаныш деп білемін. Ол – гибратты ғалым, филолог, абайтанушы, Абайдың, Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтың, Абай шәкірттерінің шығармашылығын терен зерттеген, зерделеген бірден-бір білікті кісі еді... Оның өмірлік ерлігі – ұлт мүддесі жолында қайтпас қаһармандықтың үлгісін танытуы, өте қымбатқа түскен ұстанымдары мен идеалдарына бұлжымас беріктігінде қалуы еді.

Өзіне өлім жазасы мен қоғамдық ортада еш құқықсыз қалу қаупінің қатар төнуіне қарамастан ол биліктің талап еткеніне мойынсұнбады, ұлы ұстазы Әуезовты сатпады. Оның кемел кісілігінің өзі осында – шынайылықтан туындаған өр намысында еді...

Сергей ӘЗІМОВ

Семей өңіріне Қайым Мұхамедханов сияқты бағбан керек, олай дейтінім бұл топырақта жайқалып өскен Абай бағы, Шәкәрім бағы, Мұхтар бағы бар. Баққа бап, күтуші керек, себебі олар Семейдің ғана емес, алты алаштың баға жетпес қазыналары. Мен досым Арап Еспенбетовке осы жайды айтумен келемін. Абай, Шәкәрім, Мұхтар есімдерін жамылып күн көрмей, оларды өзгелерге айқара ашып, парасаттылық, бекзаттық көрсетіп отыратын Қайым Мұхамедханов сияқты жаны таза, адамшылығы мол, кісілігі көрікті, анау-мынауға көне бермейтін жылқы мінезді, қарға тамырлы қазағымызға лайық азамат үнемі де керек, ол табиғи әрі тарихи қажеттілік.

**Ғарифолла Есім,
(философия маманы)**

*«Алтынды шыққан жерден қаз» дейді
зой халық мақалы. Абайтану тұрғысынан
алғанда Кәкең сол “самородный сары
алтынды” кесек-кесегімен омырып жүрген
кісі. Бұл саланың республикамыздағы асқан
білгірі, жұрттың бәрін мойындатқан дара
жүйрік...»*

Қалихан АЛТЫНБАЕВ

«Қайым Мұхамедханов – Абайдың інісі, Алаштың ірісі».

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

*Мұхтар Әуезовті егер бір адам сатпаса, – ол
Қайым, екі адам сатпаса, соның бірі – тағы Қайым.
Қайым Мұхтар Әуезовтің өзіне де, оның мұрасына да аса
адал болды.*

Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ

Қорыта келгенде, ойы биік, жаны таза ғалымның тарихымызға қосқан ең үлкен үлесі – ол кісі үзеңгілерімен бірге, ол заман мен бұл заманның арасына салынған алтын көпір бола білді. **«Абайдай артына сөз қалдырған»** «Ғалымның хаты өлмейді» деген, міне, осы.

Қайым Мұхамедхановтың өмірі мен ғылыми қызметі ешуақытта ұмытылмақ емес. Ғасырлар өткен сайын оның бейнесі тұлғаланып, келер ұрпақтың алдынан шықпақ. Өйткені ол барша халықты жүрегімен сүйіп оларды ұлтқа, нәсілге бөлмей бүкіл адамзат үшін аянбай еңбек етті.

Сан қырлы талант иесі, қайсар да, рухты ғалым Қайым Мұхамедхановты жас ұрпақ, біз, ешқашанда ұмытпауға тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Маханбетова, Мейрамгүл. Абайдай артына сөз қалдырған [Мәтін] / М. Маханбетова // Мәдениет жаршысы =Вестник культуры. - 2011. - № 11. - Б. 9 : портр.

Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың 95 жылдығына арналған мақала.

Мұхамедханов Қайым [Мәтін] // **Шығыс жұлдыздары** [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдәулет, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. – Б.119-120.: фотосуреттер.

Аннотация: "Шығыс жұлдыздары" деп аталатын бұл томда Қайым Мұхамедханов жайлы қысқаша өмірбаяндық дерек берілген.

Қабышұлы, Ғаббас. Сегіз қырлы жан еді... [Мәтін] / Ғ. Қабышұлы // Үш қоңыр. - 2016. – 8 қаңтар (№1). - Б.3.: портр.

Аннотация: Қаламгер, ғалым Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдығына арналған мақала.

Қайым Мұхамедханұлы және абайтану мәселелері [Мәтін] // **Еспенбетов, Арап Сләмұлы.** Шығармалары [Мәтін]. 2-т. Зерттеулер, мақалалар / А. С. Еспенбетов. - Астана, 2014. – 26-34. - (Алтай-Ертіс кітапханасы).

Аннотация: Екінші томға абайтану, алаш кезеңі әдебиетіне қатысты Қайым Мұхамедханұлының зерттеу еңбектері, ел мен жер тағдырына, қайраткерлер өміріне арналған мақала.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАН:

Жұртбаев, Тұрсын. Қайымның қағидалары[Мәтін] / Т. Жұртбаев // Қазақ әдебиеті. - 2006.- 16 қаңтар (№3). – Б.8.

Жұртбай, Тұрсын. Қайым - қиямет[Мәтін] / Т. Жұртбай // Егемен Қазақстан. - 2016. - 7 қаңтар (№3). - Б. 10.

Аннотация: *Аты әдебиеттің гана емес, тәуелсіздігіміздің тарихында қалған қайсар ғалым - Қайым Мұхамедханов туралы.*

Мұхамедхан, Д. Әке жолы[Мәтін] / Д. Мұхамедхан // Қазақ әдебиеті. - 2014.- 27 маусым (№26). – Б.11.

Аннотация: Абай жолымен жүрген ізбасары, рухани мұрагері Қайым Мұқамедханов жайлы.

Нұғманбекова, Р. Ұлттық рухтың қазынасы еді[Мәтін] / Р. Нұғманбекова // Дидар. - 2011. – 5 шілде (№76). – Б.5.- (Тұлға).

Аннотация: Әдебиетші-ғалым Қайым Мұқамедханов жайлы.

Сейсенұлы, Д. Абайдың аманатын ақтадық па?[Мәтін] / Д. Сейсенұлы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 6 қаңтар. – Б.3.

Аннотация: Абай жолымен жүрген ізбасары, рухани мұрагері Қайым Мұқамедханов жайлы.

Смағұлова, А. Қайым Мұқамедханов поэмаларының ерекшеліктері[Мәтін] / А. Смағұлова // Ақиқат. - 2005. - №11. – Б.71-74.

Маханбетова, Мейрамгүл. Абайдай артына сөз қалдырған[Мәтін] / М. Маханбетова // Мәдениет жаршысы =Вестник культуры. - 2011. - № 7. - Б. 9: портр.

ОНЫҢ КІТАПТАРЫ:

Мұхамедханов, Қайым. Көп томдық шығармалар жинағы [Текст]. 5-т. Мақалалар. Зерттеулер / Қ. Мұхамедханов; ред. Т. Қ. Жұртбай, құраст., түсініктеме жазған Е. Іргебаев. - Алматы : Ел-шежіре, 2007. - 344 б.: портр. - (Алаш мұрасы / ред.: М. Құл-Мұхаммед, Е. Ертісбаев, Н. Оразов т.б.).

Аннотация: Бұл томға автордың 1945 -1997 жылдар арасындағы әдебиет тарихы мен текстология мәселесіне арналған зерттеулері, Махамбет, Абай, Шоқан, Жаяу Мұса т. б. туралы көлемді мақалалары мен естеліктері, М. Әуезовтің шығармашылығы жөніндегі ғылыми очерктері енгізілген.

Мұхамедханов, Қайым. Көп томдық шығармалар жинағы [Текст]. 6-том. Мақалалар, зерттеулер, пікір хаттар / Қ. Мұхамедханов ; пікір жазған С. С. Кирабаев ; ред. Т. Жұртбай. - Алматы : Ел-шежіре, 2008. - 320 б. - (Алаш мұрасы).

Аннотация: Ғалым, әдебиет сыншысы Қайым Мұхамедхановтың көп томдық шығармаларының алтыншы томына оның әр жылдарда жазған мақалалары мен қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеулері, сондай-ақ пікір хаттары енгізілді. Ал екінші бөлімде шетел жазушыларының творчестволық өмірбаянына арналған мақалалары іріктеліп берілді.

Мұхамедханов, Қайым. Абай мұрагерлері [Мәтін] : жинақ / Қ. Мұхамедханов ; ред. Ә. Пірманов. - Алматы: Атамұра, 1995. - 208 б.: суретті.

Аннотация: Бұл жинаққа белгілі әдебиетші, абайтанушы ғалымның архивтерден, көне басылымдар мен баспасөздерден және Абайдың көзі тірі ұрпақтарынан ұзақ жыл бойы тірнектеп жиған дерек-дәйектерін негіз еткен

бірнеше зерттеу еңбегі еніп отыр. Ерекше ескертетін жағдай: бұларда әртүрлі себептермен көптеген жылы жабулы жатқан, жарияланбай келген өте қызықты да құнды мәлімет-мәселелер баршылық. Бұны, әсіресе, Шәкәрім, Кәкітай, Әлихан жөніндегі мақалалардан кезіктіреміз. Жинақтың тілі таза, діні сүйекті, оқиға, ой-тұжырымдары салмақты.

Мұхамедханов, Қайым. Көптомдық таңдамалы шығармалар жинағы [Мәтін]. 3-т. Абайдың ақын шәкірттері / Қ. Мұхамедханов ; ШҚО мәдениет басқармасы, Шығыс Қазақстан облысының әкімі. - Алматы : Алаш, 2005. - 328 б.


Аннотация: Белгілі әдебиетші ғалым Қайым Мұхамедхановтың (1916-2004) көптомдық шығармалар жинағының бұл үшінші томына ақын Құнанбай немерелері, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұл Абайұлдары, Кәкітай Ысқақұлы, Әрхан Кәкітайұлы және Әубәкір Ақылбайұлы туралы жазылған зерттеу мақалалары және осы аталған ақындардың мұрағаттардан ғалымның өзі тапқан төл шығармалары топтастырылып отыр.

Мұхамедханов, Қайым. Шығармалары [Мәтін]. 1-т. Абай шығармаларының текстологиясы жайында / Қ. Мұхамедханов. - Астана : Фолиант , 2014. - 344 б. - (Алтай-Ертіс кітапханасы).

Аннотация: Кітапқа Қ. Мұхамедхановтың 1940-90 жылдар кезеңіндегі Абай шығармашылығына, өлеңдері мен поэмаларына жазған ғылыми түсінік, зерттеулері енген.

Мақалалары:

Мұхамедханов, Қайым. Әдебиетті қорлауға болмайды [Мәтін] / Қ. Мұхамедханов // Жас алаш. - 2016. - 12 қаңтар (№2). - Б.2: портр.




Аннотация: Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдығына орай, оның Мұхтар әуезов туралы таспаға жазылып алынған әңгімесі берілген.

Бұл әдебиеттер ШҚ облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының қорында сақтаулы.



Мекен-жайымыз:

*Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық орталық*





**Құрастырған және
компьютерде өңдеген: Ж.Н.Буханова**

Жоғары дәрежелі библиограф

Жауапты:

К.Қ.Карчалова

Кітапхана директоры

Тексергендер:

Е. С. Шунькова

*Кітапхана директорының
орынбасары*

А.Н.Абдакерова

Кітапхана аудармашысы

